MEMLEKETTIK ANNŸITETTIK KOMPANIA

ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ

«Мемлекеттік аннуитеттік компания» ӨСК» АҚ

АО «КСЖ «Государственная аннуитетная компания»

**БЕКІТІЛГЕН**
**«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы»**
**өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ**
**Директорлар кеңесінің**
**2024 жылғы «03» маусымдағы №16 шешімі**

# «Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне өзгерістер

**Ереже МАК 815**

**Басылым: төртінші**

**Астана қ., 2024 жыл**

1. «Мемлекеттік аннуитеттік сақтандыру компаниясы» өмірді сақтандыру жөніндегі акционерлік қоғамының Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне (бұдан әрі – Ереже), «Мемлекеттік аннуитеттік сақтандыру компаниясы» өмірді сақтандыру жөніндегі акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №55 шешімімен бекітілген, мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Ереженің 3-бөлімінің 3.2-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін төмендететін түзету коэффициентінің шекті мөлшерін бекіту. Бұл ретте «Қызметкер қызметтік (еңбек) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабының 2-1-тармағына сәйкес шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері 10 пайыздан аспайтын төмендетілуі мүмкін;»;

2) Ереженің 4-бөлімінің 4.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4.3. Кеңестің шешімдері қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және жазбаша түрде ресімделеді. Дауыстар тең болған кезде Кеңес төрағасының не оны алмастыратын тұлғаның дауысы шешуші болып табылады. Кеңес отырысын өткізуге арналған Кворум тәуекелдерді басқару қызметі, актуарлық есеп айырысу және талдау қызметі, андеррайтинг және қайта сақтандыру Департаменті басшыларының міндетті қатысуымен кеңес мүшелерінің сандық құрамының үштен екісін құрайды.»;

3) Ереженің 6-бөлімінің 6.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«6.2. Кеңес мынадай мүшелерден тұрады (Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін мүдделі құрылымдық бөлімшелердің, тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің қызметкерлері және басшы қызметкерлер):

1) Қоғам Басқармасының төрағасы;

2) Қоғам Басқармасының мүшелері, оның ішінде сақтандыру өнімдерін сатуды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерге, Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментіне, Заң департаментіне жетекшілік ететін лауазымды тұлғалар;

3) Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментінің директоры;

4) Заң департаментінің директоры;

5) Тәуекелдерді басқару қызметінің басшысы;

6) Актуарлық есептеулер және талдау қызметінің басшысы;

7) Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментінің Қайта сақтандыру қызметінің басшысы.

Осы тармақта көрсетілген Қоғам қызметкерлері лауазымға тағайындалған күннен бастап (немесе лауазым Кеңес құрамына енгізілген күннен бастап) көрсетілген лауазымдардағы өкілеттіктері тоқтатылған күнге дейін Кеңес мүшелері болып табылады. Осы тармақта көрсетілген Қоғам қызметкерлері болмаған жағдайда, олардың міндеттерін лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес атқаратын тұлғалар Кеңес мүшелері болып табылады.».

2. Осы өзгерістер Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Келісу кестесі

| Көшірмесі | Коды | Басылым | Әзірлеу үшін жауапты | |
|---|---|---|---|---|
| | | | А. Кульманова | |
| | Ереже МАК 815 | төртінші | күні | қолы |
| | | | 29.04.2024 ж. | ЭЦҚ |

| Норм. мерзім | Келісуге келіп түскен күні | Т. А. Ә. | Келісу нәтижесі | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ескертулермен қайтарылды | | Келісілді | |
| | | | күні | қолы | күні | қолы |
| 3 күн | 29.04.2024 ж. | А. Маканова | | | 02.05.2024 ж. | ЭЦҚ |
| 3 күн | 29.04.2024 ж. | А. Бексеитова | | | 30.04.2024 ж. | ЭЦҚ |
| 3 күн | 29.04.2024 ж. | В. Калиев | | | 29.04.2024 ж. | ЭЦҚ |
| 3 күн | 29.04.2024 ж. | А. Кененбаева | | | 29.04.2024 ж. | ЭЦҚ |
| 3 күн | 29.04.2024 ж. | Ж. Абуова | | | 02.05.2024 ж. | ЭЦҚ |
| 3 күн | 29.04.2024 ж. | Д. Умиралиева | | | 30.04.2024 ж. | ЭЦҚ |
| 3 күн | 29.04.2024 ж. | Б. Мырзахмет | | | 02.05.2024 ж. | ЭЦҚ |
| 3 күн | 29.04.2024 ж. | А. Шамшуалеева | | | 29.04.2024 ж. | ЭЦҚ |
| 3 күн | 29.04.2024 ж. | Д. Какенова | | | 29.04.2024 ж. | ЭЦҚ |
| 3 күн | 29.04.2024 ж. | Д. Спаков | | | 02.05.2024 ж. | ЭЦҚ |

## Сведения о документе

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Тип документа** | Внутренний документ | | |
| **Номер и дата документа** | 17-16/1230 от 02.05.2024 | | |
| **Ссылка на документ** | https://gak.workspace.kz/storage/document_attachments/SeToR30Ol6nkLu8Xygwg6WyE9odKjHqdaRTLQS4o.pdf | | |
| **Отправитель** | АО "КОМПАНИЯ ПО СТРАХОВАНИЮ ЖИЗНИ "ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ" Кульманова А. М (Директор) | | |
| **Лист согласования** | | | |
| **ФИО** | **Дата и время** | **Результат** | **ЭЦП** |
| Шамшуалеева Асель Балтабаевна | 2024-04-29 10:50:04 | Согласован | Да |
| Кененбаева Айман Шакеновна | 2024-04-29 11:01:50 | Согласован | Да |
| Калиев Валихан Муратович | 2024-04-29 12:06:36 | Согласован | Да |
| Какенова Диана Балтабевна | 2024-04-29 15:08:15 | Согласован | Да |
| Бексеитова Аяжан Токтаровна | 2024-04-30 11:10:20 | Согласован | Да |
| Умиралиева Дилара Мырзабековна | 2024-04-30 15:21:59 | Согласован | Да |
| Абуова Жанат Кабидолдановна | 2024-05-02 09:29:49 | Согласован | Да |
| Маканова Асель Куандыковна | 2024-05-02 10:09:44 | Согласован | Да |
| Спаков Данияр Гусманович | 2024-05-02 11:07:30 | Согласован | Да |
| Мырзахмет Болат Кумисбекулы | 2024-05-02 11:09:41 | Согласован | Да |
| **Лист подписания** | | | |
| Кульманова Асия Мейрамовна | 2024-05-02 11:32:39 | Подписан | Да |
| **Лист регистрации** | | | |
| **Лист отправки** | | | |